

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай – бақшасы

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Сөйлеуді дамыту»

Тақырыбы: «Көңілді жаз келді»



«Құлыншақ» ересек тобы

Өткізген: Гилажова Ж. М

2022 жыл

Бекітемін:

Күні :

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу-қызметі: «Сөйлеуді дамыту»

Тақырыбы: «Көңілді жаз келді»

Мақсаты: Жаз мезгілі туралы түсінік беру. Жаз мезгілі туралы шағын әңгімелер құрастыру. Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. Суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдылындыру. Тіл мәдениетін қалыптастыру.

Білімділік: Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру. Затты зерттеуге алгоритм жасауға үйрету.

Дамытушылық: Танымдық, шығармашылық қасиеттерін, тілін, сөздік қорын дамыту. Сабаққа қызығушылығын арттыру

Тәрбиелілік: Табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдары: Жаз мезгілі суреттері, жаз мезгілінде өсетін гүлдер, түрлі-түсті асықтар

Билингвалды компонент: жаз—лето, көбелек—бабочка.

ҰОҚ барысы:

Шаттық шеңбері.

Күлімдеп күн бүгін.

Қарады маған да.

Күлімдеп күн бүгін.

Қарады саған да.

Күлімдеп күн бүгін.

Шуағын шашып тұр.

Қайырлы таң, апайлар!

Қайырлы таң, достарым!

Жарайсындар, балалар бүгінгі күндеріңізге сәттілік тілеймін, орнымызға жайғасайық.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем мезгілі
- Көктем мезгілінде неше ай бар?
- 3 ай бар. Наурыз, сәуір, мамыр.
- Қазір қай айы қонақта?
- Мамыр айы, бұл көктем мезгілінің соңғы айы.
- Көктем мезгілінен кейін қандай мезгіл келеді?

- Жаз мезгілі келеді.
- Жаз мезгілі сендерге ұнайдыма, несімен ұнайды?
- Жаз мезгілінде күн жылы болады, жер әлемі жасыл желекке бөленеді, балалар суға шомылады т.б
- Дұрыс айтасыңдар балалар, міне бүгінгі оқу қызметімізде көңілді жаз туралы әңгімелейтін боламыз.

Жаз – өте ыстық жыл мезгілі. Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жазда балалар демалады. Олар ауылға, үлкен қалаларға, лагерьге барады. Жазда балалар суға шомылады, күнге күйеді. күйеді. Орман тоғайларға барып, жидек, саңыраулқұлақ тереді. Балалар жазды өте жақсы көреді..

Жаз- мезгілі өте тамаша жыл мезгілі. Біздің сулу табиғатымызды көруге, жеріміздің түпкір-түпкірінен демалуға келеді. Жазда балалар суға шомылады.

Ғажайып сәт: Көбелек есік қағып кіреді.

Көбелек: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендердің жаз мезгілі жайында өтіп жатқандарыңды естіп, ұшып келдім. Мен көбелек боламын, мен гүлдерді өте жақсы көремін. Мен үнемі ұшып жүргендіктен гүлдерге қонып демаламын. Мен гүлдерге керекпін, себебі кейбір гүлдер мен арқылы көбейеді. Мен гүлдерге ұшып-қонып өзімнің азығымызды аламын. Балалар мені жақсы көресіңдерме? Сендерге жаз мезгілі ұнай ма? Маған да ұнайды.
Тәрбиеші: Көбелек балалардың саған арнаған тақпақтары бар.

Жаз келіпті дегенше
Жаз келіпті қараңдар
Асыр салып балалар
Суға түсіп мәз болар. Асемай.

Жаз келіпті жадырап
Балалар ойнайды,
Далада асыр сап,
Ойынға тоймайды. Ару.

Гүлдер, гүлдер көп гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер.
Өсе берші нұрланып
Өсе берші ырғалып. Еркеназ.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар өте дұрыс айттыңдар.

Дидактикалық ойын: «Жыл мезгіліне қарай іс-әрекетін сәйкестендіру.»
Ойын шарты: Луллия шеңбері арқылы жаз мезгілінің ерекшеліктерін бір-бірімен сәйкестендіру.

Сергіту сәті:

Жел тұрды гуілдеп,

Ағаш біткен уілдеп.

Аспанды бұлт торлады,

Найзағайлар ойнады.

Жаңбыр жауды себелеп,

Кемпір қосақ көрінді.

Жарқыраған күн шықты. (Балалар қимылмен көрсетеді)

Дидактикалық ойын: «Балаларды киіндіру»
Ойынның шарты: Балаларға жаз мезгіліне арналған киімдерді киіндіреді.

Қорытынды ойын: «Не жасырылып тұр»

Балалар жарық түсіру арқылы жасырылған суретті тауып жаз мезгілі туралы сөйлем құрау.

-Бүгінгі оқу қызметі ұнадыма сендерге?

-Жаз мезгілінде қандай ерекшеліктер болады?

-Балалар бізге кім қонаққа келді.

-Біздер тақпақты не туралы айттық?

Дұрыс балалар жарайсыңдар